

**Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің "Кзыласкерское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында ірі қара малдың вирус диареясы ауруы бойынша шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 маусымдағы N 3-Р шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 маусымда N 4239 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің 26.09.2017 № 5 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес және Мамлют ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 30 мамырдағы № 13-12/89 ұсынысы негізінде Қызыләскер ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің Қызыләскер ауылында "Кзыласкерское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында ірі қара малдың вирус диареясы ауруы бойынша шектеу іс-шаралары жалпы 6000 шаршы метр алаңда белгіленсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі айқындалған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық сәттілікке қол жеткізу үшін қажет ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылдың 30 мамырынан бастап пайда болған қатынастарға тарайды.

